

Мәслихаттың 2013 жылғы 4 қазандағы № 155 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2014 жылғы 29 қазандағы № 248 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 қарашада № 5146 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2021 жылғы 17 қарашадағы № 82 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 17.11.2021 № 82 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 4 қазандағы № 155 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4279 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 7 қарашада "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

өтінішті;

алушының, заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжатты;

тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

психологиялық - медициналық - педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банктегі шоттың болуы туралы құжатты;

мүгедек баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;" .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XVII сессиясының төрайымы
Қалалық мәслихат хатшысы

М. Кушибаева
Г. Жарылқасымова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК